Кездесу барысында түрлі тілшілік қызметтерді атқарған тәжірибелі маман өзінің журналистік жолы жайында баяндап берді. Қырыққа тарта әр түрлі мемлекет басшыларымен кездесу өткізген Еркін Танатқанұлы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен сұхбаттасқаны жөнінде де әңгімеледі.

«Талант туа бітуі мүмкін, бірақ нағыз журналист болып қалыптасу үшін талмай еңбектену керек. Қазіргі өндірістік, бәсекелестік заманда адами құндылықтарды сақтай отырып, өзінді көрсете білу қажет. «Басшы келді, басшы шешу керек» деген қағидадан аулақпын. Журналистика

ұжымдық жұмыс болғандықтан, кеңесе отырып қызмет жасау керек деп есептеймін», - дейді «Qostanai» телеарнасының басшысы Еркін Мұхамбетжанов.

Кәсіби маман студенттерге түрлі кеңестер беріп, қойылған сұрақтарға бар ынтасымен жауап беруге тырысты.

Сөз кезегін ақын, жазушы Нағашыбай Мұқатов алды. Ол қазақ тілінің қазіргі жағдайы

аландататындығын ашына айтты. Арна басшысына эфирден тілді насихаттауға арналған бағдарламаларды көбейту керек деген ұсынысын да білдірді.

Жиын соңында Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының менгерушісі Алматы Жүсіпова келген қонаққа сыйлық табыс етіп, тәжірибесімен бөліскені үшін алғысын айтты.

Ақын ағалармен кездесу

Кәмшат ҚОЙШЫБЕК,
ГӘФ Журналистика мамандығының 3-курс студенті

Ақпан айының жиырма алтыншы жұлдызында университетіміздің оқу залында қалың оқырманның сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген Нағашыбай Мұқатов және Ақылбек Шаяхметтің студенттермен кездесу кеші өтті. Бұл кешті ұйымдастырудағы мақсат – ақын, жазушы ағаларымыздың журналистік еңбек жолымен танысу және Елбасымыздың жақында жарыққа шыққан «Тәуелсіздік дәуірі» кітабын талдау. Кеште ақындар өздерінің шығармашылықта жеткен жетістіктерімен бөлісіп, халық білмейтін басқа да қырлары туралы айтты. Сондай-ақ 2018 жылдың қаңтар айының 15-ші жұлдызында қазақ халқына жол тартқан елбасының «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегіне байланысты пікірлерін білдірді. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдардан бергі жеткен белестерін сөз етті, жастардың өз болашақтары үшін, елдің қамы үшін еңбектену керектігін студенттерге ескертті.

Нағашыбай Мұқатов 1949 жылы 15 наурызда Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлегі. Жангелдин аудандық «Жана өмір» газетінде қызмет атқарған. Аудандық, облыстық айтыстарға бірнеше мәрте қатысып, жеңімпаз атанған. Теледидар және радио саласында қырық жылға жуық қызмет істеген. КСРО радиосы мен теледидарының үздігі. Республикалық қазақ радиосы ұйымдастырған «Қазақстан – қара шаңырағым» атты жыр мұшайрасының бас жұлдегері.

Ақылбек Шаяхмет 1951 жылы Қостанай облысы, Жігітқара ауданында дүниеге келген. Ақын ҚазҰУ-ін, Мәскеудегі әдебиет институтын бітірген. Қазақ және орыс тілдерінде поэзиялық және прозалық 40 кітабы шыққан. Шығармалары шетел тілдеріне аударылған. «Замандасқа сыр» (1977), «Күлімдейді күніміз» (1979), «Сөз» (2016) атты жинақтары жарық көрген.

Кеш соңында шығармашыл студенттер ақын ағаларымызға сұрақтарын қойып, өлеңдерін оқыды. Ал Нағашыбай ағамыздың домбырамен орындаған әуезді әні кешті әдемі қортындылады.

ҚМУ, саған алғысымыз шексіз!

Малика
ӘБДІРАХМАНОВА,
АБФ Өндеу
өндірістерінің
технологиясы
мамандығының
3-курс студенті

Елордада, Оқушылар Сарайында «Мәңгілік ел жастары индустрияға» — «Серпін» бағдарламасы аясында білім алып жатқан студент жастардың арасында «Аламан» Республикалық фестивалі өтті. Фестивальдің мақсаты – белсенді, жан-жақты студенттерді анықтау, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, ұштау, әлеуметтік бас-тамаларына қолдау жасау және 10 номинацияда ұсынылған ерекшеліктерімен көзге түскен студенттерді, командаларды марапаттау. Аталған фестивалдің қонақтары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, облыс әкімдіктерінің, Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасының жастар саясаты мен білім басқармаларының өкілдері.



Еліміздің бас қаласы Астана қаласында «Серпін-2050» жобасы бойынша өткізілген «Аламан» байқауына оқу орнымыздың мықты деп танылған студенттері барып, салтанатты кеште өнер көрсетті, қорытынды кештің куәгері болды. Жылдық қорытынды бойынша: инженерлік-техникалық факультетінің 3-курс студенттері Ербол

Ерланов «Мені шындаған – Серпін» байқауының, Елжас Абдолла «Әлеуметтік жобалар» байқауының, аграрлық-биологиялық факультетінің 3-курс студенті Малика Абдрахманова «Жалынды сардар» байқауының, ақпараттық технологиялар факультетінің 3-курс студенті Ерғали Құрбанбек «Жайдарман» байқауының жеңімпазы

деп танылып, бас жүлдеге ие болды.

Жоғарғы деңгейде өткізілген салтанатты кештен алған әсеріміз ерекше. Аламанның жастарға берері көп, жыл сайын өтетін байқауда үздік деп танылу оңай емес, бірақ біздің қолымыздан келді! Оқу орнымды мақтан тұтамын! ҚМУ, саған алғысымыз шексіз!

Жоғарғы оқу орындарындағы өзгеріс

Гүлдана ӘБДІБАЕВА,
ГӘФ Журналистика мамандығының 4-курс студенті

Бұдан былай жоғары білім беруді қаржыландыру, яғни жатақханалар мен кітапханалар, асханалар салуға республикалық бюджет ақша бөлмейді. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев айтты. Енді қаржыны тек гранттарға жұмсайтын болады. Ал әлеуметтік мәселелерді оқу орындарының өздері шешуі тиіс. «2017 жылы осы тәжірибенің арқасында елімізде бакалавриат гранттарының санын 10 мыңға, магистратураның грантын мыңға дейін жеткізуге мүмкіндік туды. Жалпы гранттар саны 25-30 пайызға артты», - дейді министр.

«Қаржылық еркіндік қарастырылуда. Оқытушылардың жалақысы қандай болуы керектігін есептерден алып тастауға тырысамыз. Бұл мәселені университеттердің құзырына береміз. Олар инвестициялық бағдарламалардың нәтижесінде өздері шешетін болады. Бірақ жоғары оқу орындарының қадағалау кеңесі күшейтіледі, оның өкілеттілігі артады. Сонымен қатар қадағалау кеңесінің төрағасына бағынатын ішкі бақылау қызметі құрылады. Барлық мемлекеттік университеттер коммерциялық емес акционерлік жоғары оқу орындарына ауыстырылады. Қадағалау кеңесі автоматты түрде директорлар кеңесіне айналады, сәйкесінше, олардың өкілеттілігі одан сайын өседі», - деп түсіндірді Ерлан Сағадиев.

Сондай-ақ қадағалау кеңесі штат кестесін, тағайындаулар мен жалақыны, инвестициялық бағдарламалар мен стратегияларды қадағалайды.

Министрдің пікірінше академиялық еркіндік туралы заң, яғни қаржыны іштей бөлу ережелері жоғары оқу орындарына өзінің ресурстарын үнемдеуге және жинақтауға мүмкіндік береді. Олар жинақтау нормалары бар тәуелсіз, тұрақты кәсіпорындар болуы керек.

Наши интервью

Армия - школа мужества

Мадина
ЕДРИСОВА,
студентка 2 курса
ГСФ специальность
«журналистика»

30 лет назад, 15 февраля 1988 года начался вывод советских войск из Афганистана. Так закончилась почти 10-летняя война, в которой Советский Союз потерял около 15 тысяч своих граждан. С тех пор этот день - этот день памяти и скорби о всех погибших войнах-интернационалистах.

Своими воспоминаниями об этих тяжелых днях поделился ветеран афганской войны Сагынтай Жасубиев.

-Сегодня ребята неохотно идут служить в армию, а как было в ваше время?

- В то время мы не думали о том, что могут быть другие варианты, каждый гражданин должен был выполнить свой долг государству по защите интересов советского государства. Так было всегда, мое поколение выросло на примере своих предков. В каждой семье были -отцы и деды - участники Великой Отечественной войны. Поэтому все мальчишки без исключения мечтали стать военными, или по крайней мере, примерить на себя военную форму, отслужив определенный срок в Советской армии. И я не исключение.

- Помните, как вы попали в Афганистан?

- Сразу после института. Полгода находился в учебной части, где обычно проходит физическая и боевая подготовка и обучение военному ремеслу. После ее окончания нас отправили в Алма-Аты, затем в воинскую часть в Учалы Талды-Корганской области, где и формировался боевой полк для прохождения службы в Афганистане. Естественно, что мы об этом не знали, поскольку все это держалось в строжайшем секрете и до последнего момента место дислокации нашего полка было неизвестно.

- А что вы почувствовали тогда, когда узнали, что вы отправляетесь в Афганистан?

- Честно говоря, никто из нас не знал. Когда нам сообщили, что мы должны отправиться в Афганистан, то многие солдаты испугались и даже находили различные способы для того, чтобы остаться. Это и понятно, ведь Афганистан ассоциировался со смертью. И несмотря на то, что информации было очень мало об этом, все же доходили слухи о том, что там происходит на самом деле.

-И вам не было страшно?



- Конечно, страх присутствовал. Но я как солдат не мог отказаться от приказа, это, во-первых. А во-вторых, как бы я смотрел в глаза другим солдатам? Уйти от службы в то время считалось позором, никто не взял бы нас на работу без армии. Настоящий мужчина - это тот, кто прошел армейскую школу, кто привык брать на себя ответственность, отвечать за свои слова и поступки - так думало мое поколение.

-А что испытали ваши родители, когда узнали, что вы попали в Афганистан?

- Они узнали не сразу, спустя 3 месяца, когда отправил им письмо. Вы правы, Афганистан тогда, действительно, ассоциировался со смертью. Мне даже трудно представить, что испытали мои родители, да это теперь уже неважно. Главное - что я вернулся живой. А ведь многие родители так и не дождалась своих сыновей. Это на самом деле страшно и, если честно, даже вспоминать об этом не хочется.

- Насколько мне известно, Вы могли совсем избежать армии, ведь ваш отец на тот момент занимал ответственный пост?

- Да, мог, но не сделал этого, потому что понимал, что должен был пройти через это. Если честно, даже не хотел бы, чтобы мой отец знал, но думаю, он и не противился бы. Тогда мы все были идейными, а честь фамилии, и если хотите мужская честь, была превыше всего. Отказаться или воспользоваться как сейчас говорят блатом, было стыдно.

- Какова была миссия советских солдат на территории Афганистана?

- У нас не было каких-либо идей об оккупации и захватыванию, мы просто помогали афган-

цам в этот тяжелый период становления независимого государства. Советские солдаты защищали интересы афганского народа - это самое главное.

- На одном из российских каналов недавно прошёл фильм «Крепость Бадабер», как он вам, впечатлил?

- Фильм действительно основан на реальных событиях, да, могу сказать, что впечатлил, но как и в любом фильме есть много неточностей. Даже сам режиссер говорил, что взрыв был, были пленные и много погибших, а все остальное художественный вымысел. Поэтому судить фильм не могу, но в общем сюжет понравился.

Военные фильмы мне нравились всегда, можно сказать с самого детства. Первый военный фильм, который меня впечатлил был «Щит и меч», на тот момент это было неким прорывом в кинематографе. Весь наш посёлок ходил в кинотеатр, чтобы увидеть этот шедевр, даже билеты покупали за неделю вперёд.

- А вам самому довелось увидеть смерть? Страшно ли было?

- Да, к сожалению. Спустя два после нашего прибытия потерял своего товарища, а неделю спустя видел цинковые гробы - это ужасное зрелище. Страшно было, но нельзя было бояться, нельзя было допустить того, чтобы страх одолевал наши чувства.

- Говоря о долге, сегодня многие парни пытаются разными способами увильнуть от службы в армии, как вы думаете, что нужно сделать чтобы ребята не боялись этого?

- Нужно полностью менять идеологию. Сейчас нами правит некий культ денег, наживы, всего материального. Принято считать, что кто бога-

че, тот правит миром. Ну и конечно, воспитание. Не защищать своих сыновей от армии, а объяснять, что это их долг. Во-вторых, пропагандировать чувство патриотизма и любовь к родине, изучать историю своего народа и пытаться донести сыновьям мысль о том, что если что-то вдруг случится, то защищать нас пойдут эти самые мальчишки, которые сейчас даже не имеют представления, как люди воевали раньше.

- Согласна с вами, но с каждым годом эти мысли все сложнее внедрить в головы людей, которые воспитывают молодое поколение защитников. А как думаете, почему сегодня слова смелость и мужественность потеряли первоначальный смысл?

- В наше время мы все хотели быть похожи на каких-то тех героев, которые доказывали своими поступками, что они действительно патриоты своей страны. Мы хотели быть похожими на них, мы не боялись идти на службу, наоборот, все отчаянно этого хотели, доказывать, что ты готов на все ради защиты себя, своей семьи и своей родины. А сейчас... Очень жаль, что сейчас эти слова теряют свой смысл.

-Как вы, человек с высшим техническим образованием, стали адвокатом?

- Если честно, мечтал с детства стать военным служащим, но по некоторым причинам не получилось, и я поступил на техническую профессию, но годы спустя все же реализовал свои планы. В 28 лет поступил в Свердловский юридический институт, после окончания которого некоторое время проработал в правоохранительных органах, а после ухода на пенсию осуществил свои мечты и стал адвокатом.

Так что не бойтесь мечтать!

Встречи

«Всё начинается с любви»

Мадина ЕДРИСОВА,
студентка 2 курса ГСФ
специальность «журналистика»

— под таким названием в главном корпусе университета им. Ахмета Байтурсынова состоялась традиционная встреча «Поэтическая гостиная».

День, посвященный поэзии, состоялся в читальном зале ГСФ, организатором которой выступила профессор кафедры психологии и педагогики Лилия Саркисян. К слову сказать, поэтическая гостиная проводится уже не первый раз.

В мероприятии приняли участие студенты разных курсов и специальностей. Участники имели возможность прочесть свои любимые стихотворения о любви великих поэтов и также собственного сочинения.

Приятно отметить, что все они люди разных интересов, но всех их объединило то, что является стержнем для человека - любовь. Организаторы «Поэтической гостиной» были рады встретить всех, у кого было желание услышать стихи знаменитых поэтов и прочесть лирические произведения.

Встреча началась в уютной обстановке, которая позволила окунуться в сокровенный мир поэзии. На фоне музыки и ярких слайдов звучали лирические произведения.

"Всё начинается с любви" — это строки известного стихотворения Роберта Рождественского. Обычно для поэта самое дорогое — слово. Но Роберт Рождественский ставит выше всего Любовь во всех её проявлениях, и для него Слово есть высшее выражение Любви:

...Всё начинается с любви...

Твердят:

"Вначале было слово".

А я провозглашаю снова:

Всё начинается с любви!

Всё начинается с любви:

и озаренье, и работа,

глаза цветов, глаза ребёнка -

все начинается с любви..

Ведь действительно любовь - самое светлое и нежное чувство, которое делает каждого человека счастливее.

В числе приглашенных гостей творческие люди нашего города: Александра Сулова - поэтесса, член-корреспондент академии педагогических наук РК и Владимир Алексинин - солист Костанайской областной филармонии, тренер областного Ресурсного центра НПО.

Поэтический вечер завершился жизнеутверждающими песнями о любви, которые участники и гости с воодушевлением исполнили все вместе.

Презентации

Детские сказки

Вероника ШЕГАЙ,
студентка 2 курса ГСФ
специальность «журналистика»

В областном доме дружбы г. Костанай прошла презентация детского сборника сказок «Достық тұралы ертегілер», в состав которого вошли 11 произведений местных авторов. Инициатором издания такой книги стала областная Ассамблея народов Казахстана.

- К нам поступило свыше 40 работ из разных уголков Костанайской области, из них мы отобрали самые интересные и поучительные. Соответственно при создании сборника возник вопрос о иллюстрировании. С этой задачей безусловно справились талантливые и известные художники нашего края, - поделилась с нами одна из организаторов, заместитель директора областного Дома Дружбы Валентина Маренинова.

Среди авторов этого издания фигурируют поэт Акылбек Шаяхмет и профессор и заслуженный преподаватель Костанайского Государственного Университета им. А. Байтурсынова Юрий Бондаренко. Именно они расскажут маленьким читателям о силе дружбы, ценностях и традициях наших народов. Первый тираж в 500 экземпляров отпечатают на полки Костанайских библиотек, школ и детских садов.

Өшкырлы сазға бөлеген...


Айшолпан БАЯНБАЕВА,
ГӨФ Журналистика
мамандығының 2-курс студенті

Әсем әндерімен көпшілікке кеңінен танылған белгілі композитор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, Қостанай облысы Амангелді ауданының құрметті азаматы, фольклорлық-этнографиялық ансамблінің мүшесі, әнші-сазгер Қалибек Деріпсалдин биыл 65 жылдық мерейтойын тойлауда. Осы айтулы дата аясында бірнеше мерекелік шаралар өткізілуде. Ақпан айының басында мерейтой иесі ҚМУ студенттерімен кездесті. Кеш қонақтары – ақын, публицист Ақылбек Шаяхмет пен өнер иелерін қашан да қолдап, жанашырлық білдіріп жүретін ғалым ағамыз Қалқаман Жакып және филология ғылымдарының докторы Алмас Әбсадықов. Қалибек ағамыздың әндерін аймақтық, республикалық радиолар мен теледидарлардан жиі естиміз. Композитордың әндерін көптеген әншілер орындайды. Өзінің де әншіліктен алыс еместігін білеміз. Қай тақырыпта қалам сілтесе де көркем ойдың

көкжиегінен көрініп, тыңдарманның сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген әнші-сазгер өз қоржынындағы «Айлы түнде», «Айнакөл жағасында» атты көпке танылмай әндерін кездесуге келген студенттер мен оқытушыларға тарту етті. Кеш барысында Қалибек ағамыздың шәкірттері, әрі інілері – Жарқынбек Деріпсалдин, Оразбек Ғалымов композитордың әндерін нақышына келтіріп орындады. Сондай-ақ кеш иесі ізбасарларын қалай тәрбиелеп, жетілдіргені туралы, олардың әрбіреуін ән әлемінің әліппесіне баулығаны жайлы әңгімелеп берді. Ең таңдаулы шәкірттері ретінде Жанат Темірова мен Азамат Мұқатовты атап өтті. Сонымен қатар сазгер музыкаға деген құштарлық отбасынан басталғанын айтты: «Менің ата-анам шығармашылық адамдары. Анам Мағия – үлкен өнер иесі. Кезінде Нұрхан Ахметбеков, Ахметжан Абықаев, Байқоныс Мұхамбетжанов, Қазыбек Әбенотармен бірге өнер саласында қызмет атқарған. Әкемнің інісі Кенжеғали Жұмабаев – республикаға белгілі дәулескер күйші. Өзімнің туған ағам Ораз Қожасов та республикаға танымал дәулескер күйші, әрі ұстаз болған. Қарындасым Роза Деріпсалдина – му-



зыка сабағының мұғалімі. Әлемге аты әйгілі опера өнерінің жұлдызы Сүндет Байғожин – Розаның шәкірті». Жалпы, композитор осы уақытқа дейін 150-ден астам ән жазған. Өнер қайраткері 11-13 сәуір аралығында өзінің «Тобыл-Торғай әуендері» атты тыңшы кітабының тұсауын кеспек.



Жамал ШАУКЕН,
ГӨФ Журналистика
мамандығының 3-курс
студенті

Бұл халық даналығы еңбек десе ерінбей, таңның атысы, күннің батысы егістікте, шабындықта, тракторда, не малдың соңында жүретін нағыз еңбекқор жандарға арналған. Олар адал еңбегінің арқасында еліне пайдасын тигізген азаматтар.

«Еңбегіне қарай – құрмет» демекші, осы уақытқа дейін еліміздің дамуына ерен еңбегімен ерекше үлес қосқаны, тыңды игеруге құлшына қатысқаны үшін «Еңбек Ері» деген атаққа ие болған ардагерлеріміз жетерлік. Осындай азаматтардың бір қатары біздің Қостанай өңірінде дүниеге келген. Олар: даңқты механизатор, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаева, Тәуелсіз Қазақстанның Еңбек Ерлері атанған Сайран Бұқанов, Борис Князев және Алматы Тұрсынов. Үш батыр ағаларымыз бүгінде бір-бір ірі шаруа қожалықтарының шаруасын дөңгелентіп отыр.

Нар тұлғалардың бейнесі белгілі қаламгер, журналист Ақылбек Шаяхметтің «Еңбек ер атандырады» деп аталатын пьесасына арқау болған. Туынды жуырда Ю.Омаров атындағы қазақ драма театрының сахнасында қойылды. Мақсат төрт Еңбек Ерінің қызметін, ерлігін келер ұрпаққа насихаттау.

Драма жанрындағы көркем туынды кеңшарлардың құлап, ауылда азық-түліктің жетіспеуі, жұмыс тапшылығы салдарынан тұрғындардың қалаға қоныс аударуға бекінген уақытын көрсетеді. Ал басты кейіпкерлер осынау қиын-қыстау сәтте қол қусырып отырмай, қындықтан шығу амалдарын қарастырып, ауыл, аудан орталықтарының тұрғындарының тұрақтылығын сақтап қалуға тырысып баққан.

Қоюшы режиссер – өнер ордасында талай жыл театр әртісі болып еңбек етіп келе жатқан Архат Уәли. Қазақ халқының мақтанышы Кәмшат апамыздың рөлін Ажар Шәкіржанова сомдады. Өзін-өзі ұстауы,

сөйлеу мәнері, мойнына орап әкеп, басына таққан ақ орамалы өткен күзде дүниеден өткен Кәмшат Байғазықызының бейнесін дәлме-дәл суреттеп көрсетті. Қойылымды тамашалаған халықтың көзіне еріксіз жас үйірілгені де жасырын емес. Жүректен-жүрекке жетеді деген осы емес пе? Театр әртістері небәрі 20 күндік дайындықпен шығарманы жоғарғы деңгейде сахналай алды. Автор спектакльде кенестік дәуір мен тәуелсіз елдің тарихын ұштастырады. 8 бөлім, яғни 8 көріністен тұратын пьеса басты кейіпкері арқылы адамды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Әр бөлімі жоғарыда аталған тұлғалардың өмірінен сыр шертеді, көпшілікке белгісіз батылдықтары баяндалады. Мәселен, Сайран Бұқановтың бірінші хатшының шошқа фермасын сал деген тапсырмасына наразылық білдіріп, тәртіптік кеңеске шақырылғаны, елі үшін өз айтқанынан қайтпаған кайсарлығы және

Еңбек ер атандырады

тоқсаныншы жылдарда ауыл халқының жаппай қалаға көшуін тоқтата білген Борис Князевтің өжеттілігі немесе бүгінде Қарасу ауданындағы ең ірі ауыл шаруашылығы өндірістерін құрған Алматы Тұрсыновтың еңбегі суреттелген.

Қойылымның келесі бір бөлімінде үй шаруасында отырған жас келіншек жұмыс іздеп, Кәмшат апамыздың көмегіне жүгінген сәті толығымен көрсетіледі. Ол тұрмыс құрып, дүниеге бала әкелгеннен кейін еңбектенуге бел буған екен. Алайда жолдасы механизатор апамыз секілді тракторда жұмыс істеуіне

Пьесаның соңғы бөлімінде облыс әкімі Архимед Мұхамбетов «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегерлері Сайран Бұқанов, Борис Князев және Алматы Тұрсыновпен бірге Кәмшат Дөненбаеваның шаңырағына барған сәті көрсетілді.

Кенес заманының саясаты мен ащы шыңдығы көрініс тапқан спектакль көптің көңілінен шықты. Екі күн қатарынан қойылған қойылымға халық көп жиналды. Алғашқы күні көрермендердің қатарында Кәмшат апамыздың ұлы Сырым Дөненбаев және қызы

басқармасының басшысы Ерлан Қалмаков және басқа да беделді азаматтар келіп, өнер ордасының ұжымын және шығарманың авторы Ақылбек Шаяхмет ағамызды құттықтады. Кәмшат Дөненбаева әкіммен кездесу барысында мынадай лебіз білдірген екен: «Еңбек ері болу – үлкен жауапкершілік. Соған лайық болуға тиіссін. Сіздер халық алдында адал болуларыңыз керек. Өздеріңіздің, барша диканның еңбегін бағалай біліңіздер. Бүгінгі атқарылып жатқан жұмыс – Қазақстанның болашағына қосқан үлес». Болашақта бұл туын-



карсылық білдіріп, «май, май болып жүресің бе» деген көрінеді. Содан, Кәмшат Байғазықызы жанадан ашылып жатқан сүт өңдейтін зауыт бастышына хабарласып, жаңағы келіншекті зауытқа жұмысқа орналастырған екен.

Гүлжан Байкенова болды. Оған қоса ақын, журналист Ғайнижамал Бердалинова, жазушы Нағашыбай Мұқатов, сатирик, ақын Ғұмар Ахметчин, облыстық жастар ісі жөніндегі басқарма басшысы Кенеш Әлімжанов, облыстық мәдениет

театр репертуарынан өзіндік бір орын аларына сеніміміз мол. Ал белгілі қазақ ақыны Ақылбек ағайымызға шығармашылық табыс тілей отырып, осындай керемет туындылардың қатары арта берсін деген тілек білдіреміз!



ҚМУ – нің оқытушысы Тұңғыш Президент қорының лауреаты атанды

Айдана АЙБЕКҚЫЗЫ, ГЭФ Журналистика мамандығының 2-курс студенті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарында жариялаған Жолдауы төртінші өнеркәсіптік революцияға арналып отыр. Нұрсұлтан Назарбаев бұл дәуірге қадам басу үшін Қазақстанға қойылған міндеттерді атап өтті. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдау басты 10 бағыттан тұрады. Оның ең алғашқысы индустрияландырудағы жаңа технологияларға


арналған. Қалған бағыттарында ресурстық әлеует, ақылды технологиялар, көлік-логистикасы, құрылыс пен коммуналдық сектор, қаржы секторы, адами капитал, мемлекеттік басқару және жемқорлықпен күрес бойынша мақсат-міндеттер айқындалған. Сондай-ақ барлық салаға жаңа технологияларды енгізуге, жаңаруға баса мән берілген. Жолдаудың үшінші міндетінде: «Ақылды технологиялар» – Агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мақсаты қойылған. Бұл аграрлық ғылым саласының мамандары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ. Елбасымыз аграрлық ғылымды дамыту мәселесін бас-

ты назарға алды және ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеу, сонымен қатар оларды отандық жағдайға бейімдеу керектігін ескертті. Осыған орай аграрлық университеттердің ролін қайта қарау керек дейді. Енді оқу орындары тек диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс. Бұл жоғары оқу орындарынан оқу бағдарламаларын жанартып, агроөнеркәсіп кешеніндегі озық білім мен үздік тәжірибені тарататын орталықтарға айналу талап етіледі. Бұл орайда астықты аймақ Қостанай облы-

сына жүктелетін міндет жоғары деп ойлаймын. Ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын Ахмет Байтұрынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің де қосар үлесі зор болмақ. Бүгінгі өзінде ҚМУ-нің ғылыми орталығы қарқынды жұмыс жасауда.

Ауылшаруашылық ғылымдарың кандидаты, доцент, А.Байтұрысов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ғылыми-инновациялық орталығының молекулярлы-генетикалық зерттеулер бөлімінің меңгерушісі Индира Бейшова – оқу орнының жас ғалымдарының бірі. Индира Салтанқызының қарамағында 18 жас ғалым жұмыс істейді. Ғалымдардың алансыз еңбек етуіне барлық жағдай жасалған. Орталықтың зертханалары заманауи, сапалы техникамен жабдықталған.

Индира Бейшованың ғылым жолына түскеніне 10 жылдан асты. Осы уақыт аралығында жас маман көптеген марапаттарға ие болыпты. Оның есімі Қостанай облысы жастарының алтын кітабына енді, бірнеше ғылыми жобалардың жетекшісі. Биылғы жыл да ғалым үшін жаңа бастамалар мен жаңалықтарға толы болмақ. Жақында Индира Салтанқызы ғылым және техника саласындағы жетістіктері үшін



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры Сыйлығының лауреаты атанды. Сыйлық талантты қазақстандық жастарға қолдау білдіру мақсатында жылына бір рет ғылым және өнер саласындағы түрлі аталымдар бойынша беріледі. Аталған іс-шара ақпан айының 16-сы күні Елордамыз Астанада Назарбаев орталығында аталып өтілді. Биылғы жылдың марапаты 12 номинация бойынша 21 адамға табысталды. Марапатталған

әрбір лауреатқа диплом, кеуде белгісі және ақшалай сыйақы табыс етілді. Жаңа Лауреаттарды құттықтай келген ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының атқарушы директоры Қанат Жұмабаев жаңа лауреаттарға өз ыстық лебізін білдірді. Индира Бейшова аталмыш шараға үшінші жыл қатарынан қатысып, биыл ғана жеңімпаздар қатарына ілікті. Ол өз номинациясында Қостанай қаласынан алған алғашқы жеңімпаз.



"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"
МЕНШІК ИЕСІ: А.Байтұрысов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрысов көшесі, 47. Тел. 511167

Шығарушы редактор А.Өстемирова
Беттеген Айтолқын Қапан
Бас маман Арайлым Сарбасова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері

"Буланды" КҚ баспаханасында басылды.
Көкшетау қ. Әуелбеков көшесі, 98
8-7162-25-14-90, 25-62-12
Заказ № 130 Тираж 700 экз.
Объем 2 печатных листа
Айына 1 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген